20918698765

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 наурыз Іс №1912-24-00-2/238 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Тутқабек отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің» «Іле-Балқаш» мемлекеттік резерваты» республкалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Бейне» жеке кәсіпкер Юрьева Дарига Юрьевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1/. өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және мемлекетің пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру
2/. 2023 жылы 6 қазандағы №104 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Уразбаев Н.
Талап қоюшы өкілі –Кайырбаев Б.Е.
Жауапкер Юрьева Д.Ю.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 22 қыркүйектегі №10726347-1 талап қоюшымен жауапкердің арасында электрондық түрде мемлекеттік товар сатып алу – шарт жасалған болатын. Шарттың жалпы сомасы 254 370 теңге құрайды. Шарт қазынашылық органдарында 2023 жылы 6 қазанда тіркелді.

Осы орайда, жауапкер 20 күнің ішінде яғни 26 қазанға дейын товар жеткізі міндет болған.

Ал, жауапкре өз міндеттерің орындаған жоқ.

Шартың мерзімі 2023 жылы 31 желтоқсанда аяқталды.

Жоғыры көрестілген негіздерге сүйене отырып талап қоюшы соттына 2023 жылғы 20 қарашада осы талап коюмен жүгінді.

Талап қоюшыныі өкілі сотта талап арызын толығымен қуаттап, шартың мерзімі бітіргеніне байланысты жауапкер кәзір кезде ұсыным жатқан товарың алаамайтын айтып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және келісім шарты бұзу соттан сұрады.

Жауапкер сотта талап арызбен толығымен келіспей, товары кеш келгеныне байланысты ұақытылы оны жеткезген жоқ, бірақ жұмысына кедерге болатын оны жосықсыз қатысыушысы деп бас тарту соттан сұрады.

Прокурор өзінің қорытысында, талапкердің уәждері сотта толығымен дәлелің тапты, осыған байланысты талап арызы қанағаттандыруға жатады деп көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптардың өкілдерің түсіндірмелерін тыңдап, көрсетілген дәлелдемелерді жеке және бірігіп зерттеп, бұл істі объективті түрде қарастыру үшін дәлелдеуді керек ететін жағдайларды анықтап, сот келесіге келеді.

Қазақстан Республкиасы Азаматтық процесстік кодексінің /әрі қарай –АПК/ 72 бабына сәйкес, Әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің /әрі қарай - АК/ 9-бабына сай, азаматтық құқықтарды қорғауды сот, құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу, сондай-ақ заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындаған жоқ.

АК 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Жауапкер конкурске қатысқанда тауарлары болу керек, себебі шарт бойынша тауарларды 20 күнің ішінде олжеткізгені туралы міндет болған.

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 04.03.2024

Заңды күшіне ақпараттық жүйе 04.04.2024 Сулы Байбутаев Е. Д. 16.04.2024

1912-24-3-6/5

Сонымен қатар 2023 жылдың аяғына дейін орындамады, осы уақыттана дейін талап қоюшы шартта көрсетілген тауарды алуға мүмкнн болған.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаб қою арызын қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

Айыппұлды төлеу екі тараптар арасында жасалған келісімде қарастырылған.

Осы істі қарау кезінде шарт дауланбаған немесе жойылмағаны негізінде оның заңсыз деп тануға негіз жоқ.

Талапкердің есептеуі бойынша жауапкер тарапынан ол 6 359 теңгені құраған. Жауапкер тарапынан бұл соммаға қарсы есеп тапсырмаған, себебі құрылыс нысаның құжаттарын енді дайындап тапсырып жатыр.

АПК-нің 225-бабының талаптарына сәйкес сот істі талап қоюшының мәлімдеген талаптары шеңберінде қарайды. Талап қоюшы сотқа айыппұлды есептеуге қатысты қосымша талап қоюды ұсынбаған.

Осыған байланысты аталған сомма жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

№2 талап

Талапкердің екінші талабы – мемлекеттік сатып алу туралы шартты біржақты бұзу. Алайда, шартың мерзімі 2023 жылы 31 желтоқсанда аяқталды. Талап қоюшы өзі сол туралы сот отырысында көрсеті. Яғни товарды жауапкерден кәзір алуға негіз жоқ жеп.

Сонымен қатар, келісім-шартты біржақты бұзу туралы талап қойылды, ал бұл соттың емес, тапсырыс берушінің құқығы.

Осылайша, соттың өтінішті қанағаттандыруға негіз жоқ.

Сондықтан талапты қанағаттандырудан бас тарту керек.

АПК-нің 109 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 04.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.04.2024 Сулы Байбутаев Е. Д. 16.04.2024

1912-24-3-6/5

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің» «Іле-Балқаш» мемлекеттік резерваты» республкалық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Бейне» жеке кәсіпкер Юрьева Дарига Юрьевна өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз төлемін өндіру туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Бейне» жеке кәсіпкер Юрьева Дарига Юрьевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«Бейне» жеке кәсіпкер Юрьева Дарига Юрьевна мемлекетінің пайдасына 6 359 /алты мың үш жүз елу тоғыз/ теңге көлемінде тұрақсыздық төлемін өндіруды.

«Бейне» жеке кәсіпкер Юрьева Дарига Юрьевна атынан жергілікті бюджетке 1 725 /бір мың жетті жүз жиырма бес/ теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өнідіруді.

Талапкердің қалған талаптарын қанағаттандырусыз қалдыруды.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 04.03.2024

Заңды күшіне енгені туралы: 04.04.2024, Судья Байбутаев Е. Д., 16.04.2024

Судопроизводство

1912-24-3-6/5